

"Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелу және әкету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 710 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 8 маусымдағы № 367 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 маусымда № 7012 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 26 маусымдағы N 366 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.06.2013 N 366 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғарғы органы) 2011 жылғы 19 мамырдағы № 81 шешіміне, сондай-ақ «Кеден одағының сыртқы шекарасына мемлекеттік бақылаудың келісілген түрлерін көшіру бойынша жоспарларды орындау туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 644 шешіміне сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелу және әкету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 710 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 26 қарашада № 5913 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2010 жыл, № 3 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелу е р е ж е с і н д е :

5-тармақтың 1) тармақшасының 5 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тек қана Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы саудада өткізу туралы ережелер көрсетілген келісім шарттың (шарттың) көшірмесін, сондай-ақ дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық

техниканың өндірушісі мен өндіруші ел көрсетілген спецификацияны;».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (Бейсен Н.Е.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнама белгілеген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті (Таласпаева А.С.) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оның заңнама белгілеген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі және 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін, Кеден одағының Бірыңғай Кедендік Тарифімен белгіленген мөлшерлерден өзгеше, Қазақстан Республикасының қолданатын мөлшерлері мерзіміне қолданыста болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у
С. Мусинов

министрінің міндетін атқарушы